

Оқу үдерісін дамытудың бір факторы ретінде тілдік дағдыларды коммуникативті тұрғыдан негіздеп, оны тәжірибеде қолдану бүгінгі білім беру саласындағы **ӨЗЕКТІ** мәселелердің бірі.



Тыңдалым және айтылым дағдыларын жетілдірудің жолдарын қалай арттыруға болады?



• **МАҚСАТЫ:** Қазақ әндері мен киноларындағы негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, талдай отырып, түсінгенін практикада қолдана білу.

• **ЖАҢАЛЫҒЫ:** Жаңартылған бағдарлама негізінде оқу үдіресінде қолданып жүрген әдіс-тәсілдерді ұлттық дәстүрге бейімдей отырып, рухани құндылықты жаңғырту.

Тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) оқушының **сөйлеу әрекетін** қалыптастырады.

Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғы шарты – **тыңдалым** әрекеті болып табылады.

Тыңдалым дағдысы бойынша:

- негізгі ойды түсіну;
- ақпаратты анықтау;
- түсінгенін практикада қолдана білу;
- ақпаратқа өз көзқарасын білдіру;
- ой қорыта білу дағдылары.

Айтылым дағдысы бойынша:

- белгілі бір тақырыпқа қатысты ойын білдіру;
- өз көзқарасын дәлелдеу;
- шешім шығару, қорытынды пікір жасау; зерттеушілік (анализ, синтез);
- ақпаратты өңдеу дағдылары.

Егер оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым игере алады)

- айтылып жатқан мәліметті түсінеді;
- өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады;
- тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды;
- көтерілген мәселеге қатысты өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады.



**Тыңдалымның ерекшеліктеріне
тоқталмас бұрын тіл үйрету
барысында мәтінді қандай
мақсатта және **қалай тыңдатамын**
деген сұраққа жауап іздеу керек.**

5.Т/А1. Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау.

Осы мақсатты қалай жүзеге асырамыз?

Тәжірибе алаңына назар аударып көрелік.

1-тапсырма. Берілген әнді мұқият тыңдап, ұлттық киім атауларын атаңыз.

Ол үшін Мақсат Базарбаевтың орындауындағы Марат Омаровтың «Қыз сыны» әнін тыңдатып, ондағы үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек, күмісті шашбау сынды ұлттық киімдер атауын табады. Кей оқушылардың көру қабілеті арқылы есте сақтайтынын ескере отырып, мәтіндегі ұлттық киімдердің суретін де көрсеткен жөн.

2-тапсырма. Мақсатқа сәйкес ұсынылған ән мен сурет арқылы тақырыпты болжаңыз.


Тақырыпты болжағаннан кейін тыңдалым мәтіні негізінде ой қозғау, өз пікірлерін білдіру үшін төмендегідей сұрақтар қоюға болады:

- Ән неліктен «Қыз сыны» деп аталып тұр?
- «Көркіңнен сенің, айналдым еркем,
Қазақтың салтын сақтаған көркем» деген жолдардан қандай ой түйдіңіз?
- Халқымыз қыз баланың сыртқы келбетіне қандай талаптар қойған?
«Иықтан шашы төгіліп жерге,
Күмісті шашбау жарасып белге».

Тәжірибе алаңы

Қазақ тілі 5-сынып. II бөлім: Киім. Сән. Талғам.

1-сабақ. Ұлттық киім




5.Т/А1. Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау

1-тапсырма.

Берілген әнді мұқият тыңдап, ұлттық киім атауларын атаңыз.

2-тапсырма. Ұсынылған сурет пен ән арқылы тақырыпты болжаңыз.

3-сабақ. Салт-дәстүрлер. Бесікке салу




5.Т/А2 Тұрмыстық,
әлеуметтік-мәдени
тақырыптарға байланысты
диалог, монологтердегі
(ән мәтіні, жарнама)
көтерілген мәселені түсіндіру

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, ұлттық дәстүрлерімізді теріп жазыңыз.

2-тапсырма. Әнде берілген салт-дәстүрлер, шығу тарихы туралы білетін ақпараттарыңызбен бөлісіңіз.

3-тапсырма. Мәтінде айтылған ұлттық салт-дәстүрлерді, соның ішінде “Бесікке салу” дәстүрінің бүгінгі күндегі қолданысы, өзектілігі жайлы өз ойыңызды білдіріңіз.

6-сабақ. Ақ кимешек




5.Т/А2 Тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, жарнама) көтерілген мәселені түсіндіру

1-тапсырма. Берілген әнді мұқият тыңдап, ұлттық киіміміз кимешектің ерекшелігі мен маңызы туралы анықтаңыз.

2-тапсырма. Мәтінде кимешекті суреттеуде қолданылған бейнелі сөздердің маңызын түсіндіріңіз, көтерілген мәселе бойынша көзқарасыңызды білдіріңіз.

2-сабақ. Асыл әже



5.Т/А3 Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау


1-тапсырма. Әнді тыңдап, ән мазмұны бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

- Әжең бар ма?
- Әнді тыңдағанда әжеңнің қандай әрекеттері есіңе түсті?
- Әнде әженің қандай асыл қасиеттері суреттеледі?

2-тапсырма. Әннен негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңыз.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

2-сабақ. Абайдың оқудан оралуы





Т/АЗ. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау

1-тапсырма. Тыңдалым мәтіні мазмұнындағы ұлттық және отбасылық құндылықтарды табыңыз.

2-тапсырма. Мәтіннен детальді ақпараттарды анықтаңыз.

3-тапсырма. Мәтіннен өзіңе ұнаған оқиғаны қысқаша мазмұндап беріңіз.



Нәтижесінде оқушылардың бойынан мынадай өзгерістер байқалды:

- оқушы тыңдау арқылы түсіну, сөйлеу әрекетін қалыптастырады;
- өз пікірін білдіре алады;
- деректерді пайдалана отырып, көтерілген мәселе бойынша өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады.

